

егемен Қазақстан

«Артық ғылым кітапта»

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов бір әңгімесінде Ақтөбе облысынан бір қария әрі жалынды, әрі жалынышты мазмұнды хат жазғанын, онда ерке, тентек, кенже ұлының Ақтөбе қаласында тракторшылар курсына оқып жүргенде бір инабатты, әдепті қызбен уағдаласып, сонан соң, ол бойжеткен үйінің ұлы да, қызы да өзі екенін түсіндіріп, әкесінің рұқсатын алу керектігін айтып, шарт қойғанын, сөйтіп, баласына қыз айттыру үшін 5-6 машинамен үйіліп-төгіліп барғанын, 3-4 күн салтанатты той болғанын, соңында қыз әкесі: «Ежелден киітті күйеу баланың әкесі кигізуші еді.



Енді менен алыңдар: әне аруана, анау су төгілмес жорға, мынау түрікпен кілем, мінеки темір тұлпар» дейді. Бірақ құда: «Көңіліңе разымын, алмаймын, рахмет. Енді өздерің келіп, жол-жоралғы, тарту-таралғыларыңды алып кетіндер» дейді. Сонан қыз жағынан құндыздай шұбап, құдалар

келіп, керемет ұлан-асыр 4-5 күн той жасап, мәре-сәре болып, ақырында белгі болсын деп оларға ат, түйе, кілем сыйлайды. Қыз әкесі азар да безер болып: «Керек емес, керегеде кітап ілулі тұр екен. Сол менің таба алмай жүрген кітабым, соны бер» дейді. Ұлдың әкесі: «Жоқ, бере алмаймын. Бұл менің тірлігімдегі қызығым, ермегім», – дейді. Қыздың әкесі «Кітапқа татымайды екенмін, мен қызыма бата бермеймін, өз еріктері білсін» – деп, ол қасарысып көнбейді. Сөйтіп дағдарған, тұйыққа тірелген қарттың Сәбит Мұқановқа «Ботагөзінді» тауып бер деп жазған хаты екен. Қайран Сәбең айтады: «Алматының магазиндеріне шапқылап, болмаған соң өзіме таныс, Сарқанд ауданының бір совхозының директорына бұйымтайымды айтып, хат жазып, әйтеуір, 20 данасын алдырдым», «заказной бандерольмен» екі ақсақалға он-оннан тең бөліп: «Алжымаңдар, шатақ шығармаңдар» деп ақыл айтып, хат жаздым. Жарты айдан соң «Тойға келіңіз деген телеграмма алдым» дейді Сәбең. Осылайша «Ботагөз» романына қызығушылық тудырған ұлт қайраткері, даңқты Сәбит Мұқанов ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында қалың мал орнына көркем әдебиет жүргеніне, әсіресе, бұл ғажап оқиға халқымыздың мәдени тілегі мен дәрежесінің биіктеп өскендігінің кепілі екендігіне шаттанады. Кітаптың қасиеті, құдіреті деген осы. «Ұзын, ұзын, ұзын жол, Ұшына жеткен бар ма екен? Түбі терең қара су, Түбіне жетіп сол судың, Қанып ішкен бар ма екен?!» – деп, қазақ оқу-білімнің түпсіз тұңғығын осылай жұмбақтапты. Өркениет биігіне жеткізетін құдіретті қару кітап – тұнып тұрған даналық, білім, ақыл, тіл, мәдениет, тарих, сана, рух, ғылым, тәжірибе әлемі. В.Шекспир айтқандай, патшаның тағынан да қымбат, ой кемесі (Ф.Бэкон), ақыл ескерткіші (Дэвенант), замана тудырған тұлғалармен әңгімелесу, Гомер мен Цицерон ойларымен ортақтасу (Л.Толстой, Р.Декарт, А.Ламартин). Бір сөзбен айтқанда, кітап – заманалар шежіресі, мемлекет, ел, халық тағдыры. Академик Ә.Марғұлан: «Кітапхананы сүйіндер. Кітапханашылармен дос бол!» деп отыратын. Және де аспирант уағындағы Ленинград кітапханасындағы мына бір жайтты айтатын еді. Кітап жыртатындарды ертеден кешке шейін кіреберіске тік тұрғызып, кірген-шыққандар бетіне түкіреді екен. Сонда мен де былш еткіздім дегені бар. Физиолог Ч.Дарвиннің «Көркем кітап оқуға әуестігім азайып бара жатыр. Сондықтан осының өзі менің жан дүниеме келген жамандықтың белгісі ме деп қорқамын»-дегені, ұлт көсемі Ахаңша айтқанда, «айдай анық, күндей жарық ақиқат». Бұл ретте көргенімді айтсам, оқымысты биолог Т.Дарханбаев көлігіне мінгізіп алып, Алматы дүкендерін шарлап, О.Сүлейменовтің «Аз и Я»-сын әрең дегенде тауып алғанымыз бар. Немесе Ә.Шәріпов тарихшы К.Есмағамбетовтың «Действительность и фальсификация» деген кітабын (1976) қалай іздегені есімде. Я болмаса математик О.Жәутіковтің көркем әдебиетке құмарлығы өзгеше еді. Лениндік сыйлықтың лауреаты, 1986-1987 жылдардағы Қазақ ССР ҒА-ның президенті Мұрат Айтхожин күн сайын «Орталық ғылыми кітапханада» қаншалықты ғылыми қызметкерлер дайындалғаны жөнінде мәліметтер сұрататын. Ал сыншы Сағат Әшімбаевтың кітапханасы – адамзат ақыл-ойының энциклопедиясы сияқты еді. Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель, Фараби, Ясауи, Ж.Баласағұн, М.Қашғари сынды даналардың ой асылдарынан бас-тап, одан бергі Абай ілімі, Сұлтанмахмұт, Мағжандардың сап толғаулары – осындай адамзаттың рухани игіліктерінен безу, кітапқа деген ынтадан айрылу – дауасыз дертке, қалың қасіретке ұшырағанмен бірдей. Көріп жүргеніміздей, шынайы түбегейлі іс-әрекет емес, әншейін жарнамалау, яғни Абайша айтсақ, «өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек» өртше лаулап, дес бермей кетті. Мүмкін, осындай желбуаздық, қысыр да қызыл сөз кейінгілерді жирендіріп жібермеді ме екен? Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Үйрену дегеніміз – оқу» дей отырып: «Мәдениет күшейтеді – өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді – оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді... Азаттық асылы – мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі – оқу мен әдебиетте» деп, даналық негізі – білім алудың бірнеше тәсілдерінің бірі – «оқумен нәрленіп, тоқумен әрлену екендігін» шегелеп айтты емес пе. Кітап – мәдениет пен өркениет айғағы, адамзаттың ақылшысы, адамдық айнасы... Абайдың: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» дегені қай заманда болмасын рухани жетілудің мінсіз мүмкіндігі екенін дәйім қаперде ұстайық.